КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 15 сәуір №7119-24-00-2/3715 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Гүлнұрым» Гульнур Алибековна Ахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Гүлнұрым» Гульнур Алибековна Ахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Гүлнұрым» Гульнур Алибековна Ахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Гүлнұрым» Гульнур Алибековна Ахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Ғ. С., 15.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Төлебекова Ғ. С., 05.06.2024
7119-24-3-1/3192

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Гүлнұрым» Гульнур Алибековна Ахметовамен ұсынылған жеке кәсіпкерінен «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 15570 (он бес мың бес жүз жетпіс теңге) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын, 468 (төрт жүз алпыс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Г. С., 15.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Төлебекова Г. С., 05.06.2024

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТОРЕ» Сот өндірісі Судопроизводство